

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі кеңесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 16 наурыздағы № 947 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Заңының 15-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2008 жылғы 10 қазанда Бішкек қаласында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі кеңесі туралы келісім бекітілсін. **(Жарлыққа Келісім қоса берілмеген)**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*